

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» ҚеАҚ

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Қызметтік пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2025 ж.



Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Қ. Жұбанов атындағы АӨУ) кредиттік оқыту технологиясы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады, сондай-ақ Heriot-Watt University (HWU) кампусы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-мен бірлесіп кредиттік оқыту технологиясы бойынша жоғары қос дипломды білім берудің келесі үш бағдарламасы бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады:

- 6B06107 Компьютерлік инженерия;
- 6B07107 Электроэнергетика;
- 6B07209 Мұнай инженериясы және энергоменеджмент.

Осы Академиялық саясат Академиялық адалдық лигасының стандарттарына сәйкес жасалды және Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-нің Ғылыми кеңесінде бекітілді (01.07.2025 ж. №12).

Академиялық саясат Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-да жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша кредиттік оқыту жүйесін ұйымдастыру тәртібін айқындайды. Құжат модульдік білім беру бағдарламаларын (МБББ), элективті пәндер каталогын (ЭПК) әзірлеу, оқу модульдеріне (пәндеріне) тіркелу; ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу; білім алушылардың практиканың барлық түрлерінен өтуін ұйымдастыру; білім алушылардың білімін бағалау; білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау, оқудан шығару қағидаларын; жазғы семестрді ұйымдастыру, өткізу және т.б.

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Академиялық саясаты келесі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»;
 - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» және т. б. нормативтік-құқықтық құжаттар мен бұйрықтар, кәсіби стандарттары, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттар.
- <https://atameken.kz/ru/pages/1540-professional-nye-standarty>

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы академиялық саясатта төмендегі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- **академиялық еркіндік** – білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану мақсатында таңдау компонентінің пәндері, оқытудың қосымша түрлері және білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша білім беру мазмұнын дербес айқындау үшін оларға берілетін білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;

- **академиялық кезең** – семестр, триместр, тоқсан секілді үш нысанның бірінде білім беру ұйымы дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі;

- **академиялық кредит** – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі;

- **академиялық күнтізбе** – демалыс күндерін (демалыс және мереке күндерін) көрсете отырып, оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі;

- **академиялық сағат** – оқу сабақтарының көлемін немесе оқу жұмысының басқа түрлерін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде пайдаланылады;

- **академиялық ұтқырлық** – белгілі бір уақыт аралығында жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларын оқыту немесе білім беру мақсатында өз елінің шегінде немесе сыртында басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауыстыру.;

- **бакалавриат** – кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

- **оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі** – халықаралық тәжірибеде қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл көрсеткішіде оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

- **ЖОО компоненті** – білім беру бағдарламасын игеру үшін ЖОО дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі;

- **элективті пәндер** – белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде ЖОО компоненті мен таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және қажеттіліктерін ескеретін, қалыптасқан ғылыми мектептер;

- **дескрипторлар (descriptors (дэскрипторс))** – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы;

- **дипломдық жоба** – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы;

- **қос дипломды білім беру** – екі тең диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында екі білім беру бағдарламасы және оқу жоспары бойынша не әріптес жоғары оқу орындарының бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша оқыту мүмкіндігі;

- **бейін бойынша доктор** – кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже;

- **докторант** – докторантурада оқитын тұлға;
- **докторантура** – білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім;

- **докторлық диссертация** – дербес зерттеу болып табылатын докторанттың ғылыми жұмысы, онда теориялық ережелер әзірленген, олардың жиынтығы жаңа ғылыми жетістік ретінде саралануы мүмкін немесе ғылыми мәселе шешілген немесе ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалған, оларды енгізу ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосады;

- **философия докторы (PhD)** – ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже;

- **Еуропалық трансферт (аударым) және кредиттерді жинақтау жүйесі (European Credit Transfer system - ECTS)** – оқу, оқыту және бағалау процестерінің ашықтығы қағидатына негізделген кредиттерді жинақтау мен аударудың студентке бағытталған жүйесі. ECTS кредиттеру белгілі бір оқу нәтижелеріне және соған байланысты оқу жүктемесіне негізделген оқу көлемін білдіреді. ECTS-тегі студенттік жүктеме – бұл барлық жоспарланған оқу әрекеттерін орындау үшін қажет нақты уақыт;

- **оқу пәніне жазылу** – білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі;

- **жеке оқу жоспары** – білім беру бағдарламасының каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылардың әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары;

- **қорытынды аттестаттау** – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

- **құзыреттіліктер** – оқыту процесінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кәсіби қызметте практикалық пайдалану қабілеті;

- **таңдау компоненті** – кез-келген академиялық кезеңде студенттер, магистранттар өз бетінше таңдаған, олардың пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, жоғары оқу орны ұсынатын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізімі;

- **міндетті компонент** – МЖМБС және мамандықтың білім беру бағдарламасында белгіленген және білім алушылар міндетті түрде білім беру бағдарламасы бойынша оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі;

- **магистр** – магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже;

- **магистрант** – магистратурада оқитын тұлға;

- **магистратура** – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

- **магистрлік диссертация** – ғылым мен техниканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген, таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселенің теориялық және / немесе практикалық әзірлемелерін қамтитын дербес ғылыми зерттеу болып табылатын ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының бітіру жұмысы;

- **магистрлік жоба** – таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесінің қолданбалы мәселесін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу болып табылатын бейінді магистратура магистрантының бітіру жұмысы;

- **постреквизиттер** – оқу үшін оқу аяқталғаннан кейін алынған білім, білік және дағдылар талап етілетін пәндер;
- **пререквизиттер** – оқытылатын пәнге қажетті білім, білік және дағдыларды қамтитын пәндер;
- **оқу жұмыс жоспары** – білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖОО дербес әзірлейтін оқу құжаты;
- **білім алушының өзіндік жұмысы** – оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, өз бетінше оқуға бөлінген тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жұмыс; білім алушылардың санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмысына (бұдан әрі – СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмысына (бұдан әрі – МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмысына (бұдан әрі-ДӨЖ) бөлінеді; білім алушының өзіндік жұмысы барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады;
- **үлгерімнің орташа балы (Grade point Average – GPA)** – таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағалау балдарының сандық баламасына кредиттер туындылары сомасының осы оқу кезеңіндегі жұмыстың осы түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы);
- **транскрипт** – кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде меңгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат;
- **эдвайзер** – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, оқыту траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) көмек көрсететін оқытушы.

2. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Академиялық саясат Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметін реттейтін нормативтік актілер, Қ. Жұбанов атындағы АӨУ стратегиясы мен жарғысы, білім беру бағдарламаларының талаптары қайта қаралған, сондай-ақ НWU мен Қ. Жұбанов атындағы АӨУ арасында қол қойылған меморандум өзгерген жағдайда қайта қаралуы мүмкін.

Саясат білім алушыларға, тыңдаушыларға, ПО құрамына, оқу процесін ұйымдастыруды жүзеге асыратын әкімшілік-басқару персоналына және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Факультет декандары мен университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары профессор-оқытушылар құрамын, білім алушылар мен қызметкерлерді университетте және Қ. Жұбанов атындағы АӨУ базасында орналасқан НWU филиалында білім беру процесін реттейтін академиялық саясатпен және өзге де құжаттармен таныстыруға міндеттенеді.

Университет барлық оқытушылардан, білім алушылардан және қызметкерлерден академиялық адалдық кодексінің ережелерін ұстануды және академиялық адалдықты бұзудың кез-келген көріністеріне жол бермеуді талап етеді. Факультет декандары мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары ПО құрамын, білім алушылар мен қызметкерлерді академиялық адалдық кодексінің қағидаларымен таныстыруға және ЖОО-да бекітілген Академиялық адалдық кодексінде жазылған қағидаларды бұзудың салдары туралы ескертуге міндеттенеді <https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/09/22/yulqbt.pdf>.

Университет барлық білім алушыларға тең мүмкіндіктер беруге кепілдік береді және нәсілдік, ұлттық, этникалық, діни, жыныстық белгілері бойынша, сондай-ақ Әлеуметтік және отбасылық жағдайы, физикалық мүмкіндіктері, жасы немесе басқа да субъективті критерийлері негізінде ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты кемсітушілікке жол бермейді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін білім алушының өтініші негізінде және Факультет кеңесінің шешімдеріне сәйкес оқыту мен зерттеу процесін ұйымдастырудың ерекше шарттары айқындалуы мүмкін.

3. КОНТИНГЕНТТІҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Университетте білім беру деңгейлері мен дайындық бағыттары бойынша студенттер контингентін қалыптастыру мына қағидалар бойынша жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасы мен шетел азаматтары үшін университеттің білім беру бағдарламалары тек қана күндізгі оқу нысанында қолжетімділігін қалыптастыру;

- маркетинг шараларын кең көлемде қолдану арқылы университеттің оқу бағыттарына, білім беру бағдарламаларына талапкерлерді іріктеу;

- мектеп оқушыларын және колледж студенттерін университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту, олардың жеке қасиеттерін, ерекшеліктері мен қабілеттерін дамыту негізінде мектеп оқушыларының және колледж студенттерінің ерте кәсіби таңдауын қалыптастыру;

- Университет білім беру бағдарламаларына түсуші талапкерлерді қосымша тестілеу (емтихан, әңгімелесу) арқылы конкурстық іріктеу жүргізу.

Білім алушыларды даярлау бағыттары мен білім деңгейлері бойынша «Қ. Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ мемлекеттік білім беру тапсырысын (білім беру гранттарын) орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

1. Республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ақылы бөлімге түсу үшін орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша кемінде 60 балл жинауы қажет. Бұл ретте ҰБТ-да қазақстан тарихы, екі таңдау пәндерден кемінде 5 баллдан жинау қажет, математикалық сауаттылық пен оқу сауаттылығы бойынша 3 балдан кем болмау қажет, соның ішінде аталған БББТ бойынша шекті балдар:

№	БББТ	Шекті балл
1	В005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	90
2	В009 Математика мұғалімдерін даярлау	80
3	В010 Физика мұғалімдерін даярлау	80
4	В018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау	90
5	В036 Аударма ісі	65
6	В054 Физика	65
7	В055 Математика және статистика	65
8	В062 Электр техникасы және энергетика	70
9	В063 Автоматтандыру және басқару	65
10	В068 Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	65
11	В070 Тоқыма: киім, аяқ киім және былғары бұйымдары	55

Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға түсуге ниет білдірген тұлғаларға ҰБТ нәтижесі бойынша кемінде 25 балл, және «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ әр пәнінен және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 баллдан жинау қажет, соның ішінде аталған

БББТ бойынша шекті балдар:

№	БББТ	Шекті балл
1	В009 Математика мұғалімдерін даярлау	40
2	В010 Физика мұғалімдерін даярлау	40
3	В018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау	45
4	В036 Аударма ісі	30
5	В054 Физика	30
6	В055 Математика және статистика	30
7	В062 Электр техникасы және энергетика	35
8	В063 Автоматтандыру және басқару	35
9	В068 Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	30

Республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру гранты конкурсына қатысу үшін немесе Heriot-Watt University кампусына ақылы негізде түсу үшін орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» және «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» бағыты бойынша – кемінде 65 балл жинауы қажет. Бұл ретте ҰБТ-ның қазақстан тарихы, екі таңдау пәндерден кемінде 5 баллдан жинау қажет, математикалық сауаттылық пен оқу сауаттылығы бойынша 3 балдан кем болмау қажет. ҰБТ сертификатынан басқа, талапкер шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын, ағылшын тілі: IELTS, шекті балл – 5.0. IELTS халықаралық сертификаты жоқ талапкерлер Heriot-Watt университеті өткізетін қосымша ағылшын тілінен емтихан тапсырады. Емтихан нәтижелері бойынша Heriot-Watt университеті белгілеген шекті балл жинаған үміткерлердің тізімі қалыптастырылады.

Білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген) бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында белгіленген жалпы негізде жүзеге асырылады. Білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ оқуға түскен кезде ұсынылған халықаралық сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылығын Қабылдау комиссиясы тексереді.

Талапкерлер мен үміткерлерді қабылдау «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің беру бағдарламаларына білім алушыларды Оқуға Қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. <https://zhubanov.edu.kz/ru/enrollee/category/39/>

4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ

Университеттің білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қалыптастыру академиялық комитеттің қатысуымен өтеді, оған білім беру процесіне мүдделі қатысушылар кіреді: оқытушы, білім алушы, жұмыс беруші, серіктес жоғары оқу орындарының өкілдері және келесі қағидаттарды ұстанады:

- еңбек нарығында сұранысқа ие болу, әлеуетті тұтынушылардың сұраныстарына жауап беру, ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес болу;

- оқыту нәтижелерінің сипаттамаларын, еңбек шығындарын (академиялық кредиттердің көлемін), оқыту мен білім беруге көзқарастарды, білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалау әдістері мен өлшемдерін қоса алғанда, дәреже алуға әкелетін бағдарламаның нақты сипаттамасын қамтуға;

- әртүрлі профильдері немесе жеке оқыту траекториясының қажеттіліктері бар білім алушыларды таңдау мүмкіндігі үшін бағдарлама құрылымының икемділігі;

- құзыреттілікті модульдерге кіретін пәндерге жеткізу мақсатында оқытудың күтілетін нәтижелері, оқу қызметі және оқыту нәтижелерін бағалау арасындағы өзара байланыс.

Білім беру бағдарламаларын қалыптастыру қағидаттарын жүзеге асыру келесі ережелерге сәйкес жүзеге асырылады:

Модульдік білім беру бағдарламасын құру туралы ереже, Элективті пәндер каталогы туралы ереже, Академиялық комитеттер туралы ереже.

https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/09/22/2025_oDVdiwf.pdf,

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/09/22/udycsy.pdf>.

5. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы-Ректор бекіткен академиялық күнтізбеге сәйкес оқу жылы басталады және аяқталады. Оқу жылына 2 міндетті семестр (әрқайсысы 15 аптаға созылатын академиялық кезең) және 1 қосымша (жазғы) семестр кіреді. Жазғы семестр академиялық қарыздарды және оқу бағдарламаларындағы айырмашылықты жою үшін, сондай-ақ 6 аптаға созылатын қосымша оқу (бітіру курсы қоспағанда) қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көзделеді. Академиялық күнтізбеде академиялық кезеңнің басталуы мен аяқталуының, білім беру бағдарламалары бойынша практиканың барлық түрінен өтудің, аралық бақылау мен аралық аттестаттауды (емтихан сессияларын) өткізудің нақты күнтізбелік мерзімдері, элективті модульдерге жазылу, жазғы семестр кезеңі, қорытынды аттестаттаудан өту мерзімдері және демалысқа бөлінген уақыт көрсетіледі.

Әр семестрдің соңында аралық аттестаттауды тапсыру үшін емтихан сессиясы белгіленеді, оның ұзақтығы кемінде 1 апта болуы тиіс.

Білім алушылар үшін демалыс әр академиялық кезеңнен кейін беріледі. Бұл ретте оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығы кемінде 7 апта болуы тиіс.

Қорытынды аттестаттау, дипломдық жобаны қорғау білім алушылар барлық оқу пәндерін зерделеуді, аттестаттау мен практиканың барлық түрлерін өтуді қамтитын академиялық кезеңді аяқтағаннан кейін жүргізіледі.

Жазғы семестр қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарындағы айырмашылықты жою үшін ұйымдастырылады. Жазғы семестрге қатыса алады:

- рейтингтің нәтижелері бойынша емтихан сессиясына жіберілмеген студенттер;

- емтиханнан «F», «FX» бағасына сәйкес «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған студенттер;

- жеке оқу жоспарының оқу пәндері бойынша академиялық қарызы бар;

- оқу үлгерімінің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында курстың бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ ең төменгі ауысу балын жинамаған;

- академиялық демалыстан оралу, ауысу, қайта қабылдау кезінде оқу жоспарларында академиялық айырмашылықтары бар студенттер;

- академиялық рейтингісін көтергісі келетіндер, сондай-ақ қосымша білім беру

бағдарламаларын меңгергісі келетіндер;

- қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер.

6. АКАДЕМИЯЛЫҚ САПАНЫ ҚАМТАМАССЫЗ ЕТУ

Heriot-Watt University және Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Академиялық адалдық қағидаттарын ұстана отырып, оқыту сапасын арттыру қағидатын және университетте белгіленген бағалау критерийлері негізінде студенттердің оқу нәтижелерін адал, ашық және бейтарап бағалаудың жоғары академиялық стандарттарын ұстанады.

Сапаны қамтамасыз етудің ішкі кепілдігі саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту арасындағы байланыс арқылы жүзеге асырылады. Университеттің барлық бөлімшелерінің қатысуын және сапаны қамтамасыз ету үшін тең жауапкершілікті көздейді.

Білім алушылар, оқытушылар мен қызметкерлер арасында ашық, адал қарым-қатынас орнату мақсатында университетте академиялық адалдық кодексі қабылданды, онда білім алушыларға, оқытушылар мен қызметкерлерге қойылатын талаптар жазылған.
<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/09/22/ajiqmt.pdf>

7. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

Оқу процесіне қатысушылардың академиялық адалдығының негізгі қағидаттары, олардың жеке адалдығын және білім алу кезіндегі өзара іс-қимыл процесіне жауапкершілікті дамытады:

- академиялық жұмыста адалдық пен өзара сыйластықты қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету;

- жоғары этикалық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған академиялық адалдықтың әділ және объективті ережелерін бекіту;

- басқа білім беру ұйымдарының верификацияланатын транскриптері негізінде білім алушының кредиттерін қайта есептеудің нақты тетігі мен рәсімін айқындау арқылы білім алушыны оқытудың дәйекті және үздіксіз траекториясын қамтамасыз ету;

- академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тәлімгер ретінде оқытушының өз білім алушыларына құрмет көрсетуі;

- оқытушы пәннің нақты саясатын, білім алушыдан күтілетін талаптарды айқындауы;

- оқытушының білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлерін анықтауы;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін шаралар қабылдау;

- білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық адалдықтың көрінуіне жол бермейтін академиялық орта құру.

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексі, Heriot-Watt University, Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже, Жазбаша тексеруді жүргізу тәртібі туралы ереже жұмыс «Turnitin Similarity» жүйесінде қарыз алудың болуы.

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/09/22/yulqbt.pdf>

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/09/22/ajiqmt.pdf>

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/10/18/29-ru.pdf>

<https://www.hw.ac.uk/uk/students/doc/Student-Academic-Misconduct-Policy.pdf>

<https://www.hw.ac.uk/uk/students/doc/discguidelines.pdf>

<https://www.hw.ac.uk/uk/services/docs/academic-registry/contract-cheating-studentguide.pdf>

<https://www.hw.ac.uk/uk/services/docs/academic-registry/contract-cheating-studentguide.pdf>

<https://www.hw.ac.uk/uk/services/docs/academic-registry/student-guide-how-to-avoid-academic-misconduct.pdf>

8. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР

Университет өз қызметін LMS «PLATONUS» көмегімен жүзеге асырады. (<https://platonus.arsu.kz/>).

«PLATONUS» жүйесі білім алушыларды элективті пәндерге тіркеуді қамтиды, онда жеке оқу жоспары (ЖОЖ), жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ) автоматты түрде қалыптастырылады, пайдаланушыларды авторизациялау, ресурстарға қол жеткізуді шектеу, жүйе пайдаланушыларын топтар бойынша бөлу және т.б. Жүйеге кіру тіркелген пайдаланушылардың аутентификациясынан кейін ғана жүзеге асырылады. Әрбір пайдаланушының ақпараттың белгілі бір түріне (жүйе модульдеріне) ғана қол жеткізе алады, яғни олардың рөлдері негізінде белгілі бір деректерді қарау құқықтары анықталады. Ақпараттық жүйеге деректерді енгізу және шығару орталықтандырылмаған және бөлінген. «PLATONUS» жүйесін жобалау және пайдалану қызметтердің өзіндік функцияларын сақтау және олардың бір бөлігін ақпараттық жүйенің құралдарымен орындауды қамтамасыз ету принципіне негізделген. Сонымен қатар, университеттің әртүрлі құрылымдық бөлімшелері бірдей деректерді редакциялауға жол берілмейді.

Университетте білім алушылар үшін қажетті бизнес-процестер автоматтандырылған. Студенттерге қызмет көрсету орталығында «SMART ARSU» мобильдік қосымшасы арқылы онлайн режимде білім алушыларға қажетті қызмет түрлері ұсынылады.

Smart arsu мобильді қосымшасы арқылы автоматты түрде алынатын құжаттар:

- транскрипт;
- университетте оқитындығы жөніндегі анықтама;
- электронды студенттік билет.

Өтініштерді қарастырылуының жеделдігін және іс жүргізудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін университетте электрондық құжат айналымы жүйесі жұмыс істейді. «БИТРИКС» электрондық порталы арқылы электрондық құжат айналымы бойынша көрсетілетін қызметтер:

- төлем орталықтарына анықтама;
- дербес деректерді өзгертуге өтініштер қабылдау;
- академиялық демалысқа қатысты өтініштер қабылдау;
- өз еркімен оқудан шығу туралы өтініштер қабылдау;
- оқуға ауысу туралы өтініштер мен құжаттарды қабылдау;
- оқуға қайта қабылдау туралы өтініштер мен құжаттарды қабылдау;
- қорытынды аттестация тапсыру үшін оқуға қайта қабылдау туралы өтініштер қабылдау;
- жазғы семестрге қатысу үшін/академиялық қарызды жою үшін өтініштер қабылдау;
- босаған білім гранттарына, президенттік стипендияға, әкім грантына өтініш қабылдау;
- оқу ақысына қатысты өтініштер қабылдау (қалған ақшаны қайтаруға, қате төленген жағдайда, бөліп төлеуге);
- әр түрлі сұрақтар бойынша өтініштер қабылдау;
- шығу парағы.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті бұйрыққа сәйкес «Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен мәліметтерге қол жеткізуін және пайдаланылуын қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық талдау орталығымен (бұдан әрі - АТО) студенттердің деректерін Жоғары білім берудің бірыңғай платформасына (бұдан әрі - ЖБББП) енгізу бойынша жұмысты бастады. Университет студенттерінің дербес деректерін енгізу «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ҚР Заңының қолданылуына байланысты қажет, оған сәйкес студенттер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды мемлекет төлейтін жеңілдікті санат болып табылады.

9. КІТАПХАНА РЕСУРСЫ

Университеттің ғылыми кітапхана қорының қалыптасу тарихы 1966 жылдан, яғни педагогикалық институттың құрылған уақытынан басталады. Қазіргі уақытта кітапхана қоры 1 029 184 дана басылымнан тұрады. Оның ішінде кітаптар – 990 391 дана астам, диссертациялар – 5 мыңнан аса дана, авторефераттар – 2824 дана, мерзімді басылымдар – 38793 дана. Кітапхана қоры университеттің көптеген салаларының талаптарына сәйкес келеді. Жаратылыстану, техникалық ғылымдар, гуманитарлық және қоғамдық-саяси, экономика және құқықтану, сондай-ақ көркем әдебиеттер бар. Білім салаларына сәйкес оқулықтардың анықтамалық, ғылыми басылымдар түрлері ұсынылған. Біздің қор көптілді білім берудің бағытына сәйкес келеді. Кітапхана қоры оқырмандарға қызмет көрсету жұмысын жақсарту мақсатында мамандықтар бойынша 5 оқу ғимаратында орналасқан. Пәндерді тереңірек меңгеру үшін әрбір оқу ғимаратының мамандықтарына сәйкес келетін мерзімді басылымдар қоры бар.

1999 ж. Кітапханада автоматтандырылған «ИРБИС» бағдарламасы бойынша электрондық каталог құру жұмысы қолға алынды. 2018 жылдың маусым айында ИРБИС - 64 бағдарламасының кітапхана жұмысына қажетті АРМ «Каталогизатор», АРМ «Комплектатор», АРМ «Читатель», АРМ «Книговыдача» және Web-ИРБИС модульдері алынды.

Бұл қосымша модульді алғалы кітапхананың барлық ғимараттарындағы электрондық каталог бір жүйеде жасайтын болды. Қазіргі таңда ЭК-қа 110 599 атау жазба енгізілген. 2025 жылы Web IRBIS – 64+ жаңартылып қайта іске қосылды.

- Электрондық оқырман билеті – пайдаланушыға кітапхана ресурстары мен қызметтеріне электрондық жүйелер арқылы қол жеткізуге мүмкіндік беретін цифрлық құжат.

- RFID-таңбашасы – бұл радиожилікті сәйкестендіруді қолдана отырып, мәліметтерді автоматты түрде қашықтан, тікелей байланыссыз оқу және беру құрылғысы. RFID-таңбашасы жапсырылған кітаптардың саны – 10 мыңнан асады.

- Өзін-өзі кітаппен қамтамасыз ету станциясы – бұл оқырмандарға кітапханашының көмегінсіз кітаптарды өз бетінше алу және қайтару мүмкіндігін беретін автоматтандырылған құрылғы.

- Отандық дерекқорлар:

• Республикалық Жоғары Оқу Орындары Аралық Электрондық Кітапхана <https://rmebrk.kz/>

• Қазақстандық Ұлттық Электронды Кітапхана <https://kazneb.kz/>

• Lexiqamus <https://www.lexiqamus.com/en>

• Әділет <https://adilet.zan.kz/kaz/>

• Әл-Фараби ат. Кітапхана <https://elib.kaznu.kz/>.

- Жазылымды дерекқорлар:

• Scopus Scopus <https://www.scopus.com/>

• THOMSON REUTERS <https://www.webofscience.com/>

• SCIENCEDIRECT <https://www.sciencedirect.com/>

• WILEY Online Library <https://onlinelibrary.wiley.com/>

- Университет зерттеушілерінің еңбегін ISBN нөмірлерімен рәсімдеу, ЭОЖ және т.б. анықтамалар алуға көмектесу.

10. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ

Оқу жүктемесі студенттің оқу пәнін, модульді немесе бүкіл білім беру бағдарламасын оқып-үйренуіне және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасында белгіленген оқу нәтижелеріне қол жеткізуге қажетті уақытпен өлшенеді.

Оқу жүктемесіне студенттің барлық оқу қызметі – дәрістер, семинарлар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, студиялық сабақтар, өндірістегі практика (дуальды оқыту кезінде), кәсіптік практика, дипломдық жұмыс (жоба), өзіндік жұмыс, оның ішінде оқытушының басшылығымен жұмыс кіреді.

Бір қазақстандық академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) 1 ECTS кредитіне сәйкес келеді.

Оқу жылы ішінде білім алушының толық оқу жүктемесі 60 және одан да көп академиялық кредитті құрайды, бұл орташа есеппен жылына 1800 сағатқа сәйкес келеді, жекелеген білім алушылар үшін жұмыс түрлері үшін оқу нәтижелеріне қол жеткізудің нақты уақыты әртүрлі болуы мүмкін.

Жазғы семестр кезеңінде білім алушы 20-дан аспайтын академиялық кредитті, академиялық семестрде – 10-нан аспайтын академиялық кредитті оқи алады.

Кредиттер білім алушыға жоспарланған оқу нәтижелерін игерген жағдайда ғана беріледі.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі критерийі студенттің оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушының бүкіл оқу кезеңінде кемінде 240 академиялық кредитті игеру болып табылады. Магистратура бағдарламалары бойынша білім алушылардың игерілуі қажет:

- ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, бүкіл оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредит;

- бейіндік магистратурада оқу мерзімі 1 жыл 60 академиялық кредит.

11. ОҚУ МОДУЛЬДЕРІНЕ (ПӘНДЕРГЕ) ТІРКЕЛУ

Университетте білім беру бағдарламасы студенттерінің дербес жоспарлауы және кредиттік оқыту технологиясының талаптарына сәйкес оқытудың жеке траекториясын таңдауы үшін жағдайлар жасалады, бұл білім алушының жеке оқу жоспарында (ЖОЖ) көрініс табады. Осы мақсатта білім алушыларды оқу модульдеріне тіркеу жүргізіледі, оны Тіркеу офисі ұйымдастырады. Бұл ретте ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар мен консультациялар жүргізу үшін куратор-эдвайзерлер тартылады. Модульдерге жазу (тіркеу) куратор-эдвайзердің басшылығымен жүргізіледі.

Оқу модульдеріне тіркеу «Platonus» ААЖ-де тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламасын игеру үшін оқу жылындағы кредиттердің белгіленген санына онлайн-режимде жүзеге асырылады.

Мерзімдері академиялық күнтізбеде көрсетілетін бағдарлау аптасы ішінде жаңадан түскендер үшін кредиттік оқыту жүйесімен және модульдерге тіркелу рәсімімен жалпы танысу жүзеге асырылады.

Бағдарлау аптасында әкімшілік өкілдерімен, факультет декандарымен, кафедра меңгерушілерімен, эдвайзерлермен кездесулер өткізіледі. Білім алушыға ID (логин) сәйкестендіру нөмірі беріледі, ол бойынша «Platonus» ААЖ-де оқу модульдеріне тіркеледі.

Оқу модульдеріне тіркеу әрбір оқу жылына жүзеге асырылады. Тіркеу мерзімі академиялық күнтізбеде көрсетіледі. Оқу модульдеріне тіркеу білім беру бағдарламасының модульдік оқу жоспары және пәндер каталогы негізінде жүзеге асырылады.

Тіркеу нәтижесі студенттің «Platonus» ААЖ электрондық жеке оқу жоспары болып табылады, онда міндетті (ЖОО) компонентінің және таңдау компонентінің (элективті пәндер) оқу модульдері көрсетіледі.

Пәндерді қайта оқуға тіркеу жалпы тіркеудің белгіленген мерзімдерінде жүзеге асырылады, бірақ оқу үшін алдын ала ақы төлеуді көздейді, өйткені пәнді қайта оқу барлық білім беру бағдарламалары үшін ақылы негізде ғана жүзеге асырылады.

Жазғы семестрге тіркеу жазғы аралық аттестаттау аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

ЖОЖ-ды орындамай қажетті кредиттер санын жинамаған және қайта оқу курсына қалдырылған білім алушы жаңа ЖОЖ қалыптастырады және факультет деканына бекітіреді.

Модульдерге тіркеу оқу модульдеріне тіркеу туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады
<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/10/18/10-kz-2.pdf>

12. ОҚУ САБАҚТАРЫНА ҚАТЫСУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Білім алушы оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға міндетті. Оқытушылар сабаққа қатысым талаптарын пәннің силлабусында көрсетеді.

Білім алушылар академиялық кезеңдегі оқу сабақтарының жалпы санының 30%-дан астамын өткізіп алған жағдайда, пән игерілген болып саналмайды. Бұл ретте пән бойынша ағымдағы бағалар теориялық оқыту аяқталғаннан кейін жойылады, «F» бағасы қойылады және білім алушы қорытынды бақылауға жіберілмейді.

Ерекше жағдайларда себептерін растайтын дәлелді құжаттары негізінде білім алушы өткізіп алған сабақтарын тапсыруға мүмкіндігі бар. Құжатта көрсетілген мерзімнен үш күн өткен жағдайда білім алушылар ұсынған құжаттар қабылданбайды.

Онлайн сабақ өткізу барысында пайдаланылатын платформалар түрлеріне (ZOOM және т.б.) қарамастан онлайн-сессияға қатысушыларды бейнетрансляция негізінде қатысымын белгідейді. Тұрақты визуалды байланыс болмаған жағдайларда оқытушы білім алушыны себепсіз қатыспады деп есептейді. Техникалық ақауларға байланысты бейнетрансляция болмаған жағдайларда оқытушы кезең-кезең дыбыстық сұраулар арқылы білім алушының қатысымын анықтайды.

Сабаққа қатысымы бойынша «F» алған білім алушы келесі академиялық кезеңде (сол пән басқа топтарда оқытылса) немесе қосымша оқу кезеңдерінде ақылы негізде қайта оқуға мүмкіндігі бар. Ол үшін білім алушы пәнге қайта жазылып, тіркеледі.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) өткізу туралы ереже.

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/07/14/4.pdf>

13. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Білім беру бағдарламасын толық игеруде кредиттік оқыту технологиясы жағдайында бағдарламаның үлкен бөлігі білім алушылар үшін өзіндік жұмыстардан тұрады. Өзіндік жұмыс білім алушының оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (әрі қарай - БОӨЖ) және тікелей өзі атқаратын білім алушының өзіндік жұмысы (әрі қарай - БӨЖ) болып екіге бөлінеді. Пәнге бөлінген жалпы кредит көлемінің 22-27%-і БОӨЖ үшін оқытушының дербес жүктемесіне беріледі.

Оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (әрі қарай - БОӨЖ) оқытушының бос уақытына қарай жасалған факультет деканымен бекітілген арнайы кесте бойынша ұйымдастырылады. Жұмыстың бұл түріне оқу бағдарламасының ең күрделі мәселелері, үй тапсырмаларын, курстық жобаларды (жұмыстарды) орындау, семестрлік жұмыстарды, есептерді және өз бетінше жұмыс істеудің басқа түрлерін бақылау бойынша кеңестер кіреді.

Егер өз бетінше жұмыс тапсырмаларын орындау қиындық туғызбаса, білім алушы кестеге сәйкес аудиторияда қатыспауына болады.

Кестеге сәйкес оқытушының аудиторияда болуы міндетті болып табылады. Бұл сағаттарды семинарлармен, практикалық немесе зертханалық сабақтармен ауыстыруға жол берілмейді.

Білім алушылардың жазбаша бағаланатын жұмыстары (курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік және докторлық диссертациялар) көшіріп алынған материалдың бар-жоғына тексеруден өтеді. Плагиат мәніне тексеру жүргізу тәртібін кафедра айқындайды.

Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру туралы ереже

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/07/14/15.pdf>

14. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

Үлгерім білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесімен бағаланады, оларды дәстүрлі бағалау шкаласына және

ECTS (иситиэс) ауыстырады (4-қосымша).

Студенттердің тілдер (қазақ, шетел, орыс) бойынша оқу жетістіктері деңгейлік модельге және ECTS (иситиэс) пен дәстүрлі шкалаға аударылып, шет тілдері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады (5-қосымша).

Тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы шет тілін меңгерудің (A1, A2, B1, B2, C1, C2) жалпыеуропалық құзыретіне (бұдан әрі – ЖЕҚ) сәйкес келеді.

Үлгерімді ағымдағы бақылау кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері әрбір модуль бойынша силлабусқа сәйкес бағаланады.

Аралық бақылау қорытындысы автоматты түрде «Platonus» ААЖ-де ағымдағы бақылаудың жиынтық балдарынан қалыптасады.

Сабақтың барлық түрлері бойынша ағымдағы бақылау (АБ) былайша айқындалады:

$$\begin{aligned} & \text{Баға}_1 + \text{Баға}_{2+} + \text{Баға}_3 \\ 1) \text{ дәріс сабақтарын АБ} &= \frac{\text{Бағалау қарастырылған апта саны}}{\text{Баға}_1 + \text{Баға}_{2+} + \text{Баға}_3} \times 0,1 \\ 2) \text{ семинар/практика сабақтарын АБ} &= \frac{\text{Бағалау қарастырылған апта саны}}{\text{Баға}_1 + \text{Баға}_{2+} + \text{Баға}_3} \times 0,3 \\ 3) \text{ зертхана сабақтарын АБ} &= \frac{\text{Баға}_1 + \text{Баға}_{2+} + \text{Баға}_3}{\text{Бағалау қарастырылған апта саны}} \times 0,3 \\ 4) \text{ СОӨЖ/СӨЖ сабақтарын АБ} &= \frac{\text{Бағалау қарастырылған апта саны}}{\text{Баға}_1 + \text{Баға}_{2+} + \text{Баға}_3} \times 0,3 \end{aligned}$$

Аралық бақылау (АБ) сабақ түрлерінің ағымдағы бақылауларын бағалаудан қалыптастырылады:

$\text{АБ} = \text{АБ дәріс сабақтары} + \text{АБ семинарлық (практикалық) сабақтары} + \text{АБ СОӨЖ/СӨЖ}$
 $P_1 (P_2)$ рейтингі аралық бақылау (АБ) балдарына сәйкес анықталады: $P_1 = \text{АБ}_1$

Пән бойынша қабылдау рейтингі (ҚР) келесідей анықталады:

$$\text{ҚР} = P_1 + P_2 / 2$$

Пән бойынша қорытынды бақылауға (емтиханға) жіберу үшін:

1) Қабылдау рейтингі $\text{ҚР} \geq 50$ балл;

Курстық жұмыстың (жоба) балы ≥ 50 балл (болған жағдайда).

Қорытынды баға ағымдағы (салмақ үлесі – 0,6) және емтихан (салмақ үлесі – 0,4) бағалау сомасынан тұрады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Қ} = \text{ҚР} \times 0,6 + \text{ҚБ} \times 0,4$$

бұл жерде РД – рейтинг допусқа;

ҚБ – Қорытынды бақылау балы.

Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау критерийлері пәндердің мақсаттары, міндеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, пәндер силлабустарында жазылады.

Критерийлер бойынша бакалавриатты бағалау келесі арақатынаста бөлінеді:

«А», «А-» (90-100 %) – реферативті топтағы білім алушылардың жалпы санының 15% - ынан аспайды;

«В+», «В», «В-», «С+» (70-89%) – реферативті топтағы білім алушылардың жалпы санының 40% - ынан аспайды;

«С», «С-» (60-69%) – реферативті топтағы білім алушылардың жалпы санының кемінде 25% - ы;

«D+», «D» (50-59%) – реферативті топтағы білім алушылардың жалпы санының кемінде 15% -ы;

«F» (0-49%) – реферативті топтағы білім алушылардың жалпы санының кемінде 5% -ы.

Қорытынды бақылауларды (емтихан) бағалауды талдау кезінде шағын топтарды қоспағанда (30 адамнан аз) жоғарыда көрсетілген қатынастардан ауытқушылық болған жағдайда университет басшылығымен себептері қарастырылады.

Аталған үлестірулерден ауытқудың әрбір жағдайы 10%-дан астам алқалы органдардың (сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның) талдау нысанасына айналуы тиіс және Университет тиісті шараларды қабылдайды.

Университет оқытушылары барлық білім алушылардың құзыреттерін сараланған бағалауға мүмкіндік беретін бақылау іс-шараларының әдістемелік әртүрлілігін қамтамасыз етуге міндетті.

Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану бағалау саясатының төмендеуіне әкелмеуі тиіс.

15. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерлігі, қолданылуы, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша балдармен бағаланады (оң бағалар, кемуіне қарай «А» – дан «D» - ге дейін және «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F»,) және дәстүрлі жүйе бойынша бағалау.

Білім алушылардың оқу тапсырмаларының барлық түрлері бойынша оқу жетістіктері дәстүрлі бағалау шкаласына ауыстыру кестеге сәйкес жүргізілетін білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

Дәстүрлі бағалау шкаласына ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық баламасы	Балдар (% мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) өткізу туралы ереже

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/07/14/4.pdf>

16. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ

Үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау білім алушылардың білім беру бағдарламаларын және жоғары білімнің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарын меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізіледі.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау оқу пәнінің әрбір модулі бойынша жүргізіледі және «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйенің (бұдан әрі-ААЖ) журналына балдарды енгізе отырып, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы білімді бақылауды қамтиды. Оқытушы «Platonus» ААЖ-де күн сайын келмеген («ж») білім алушыларды белгілеп, қатысуын бақылайды.

Үлгерімді ағымдағы бақылау модуль бойынша білімін игеру деңгейінің нәтижесін, сапасын, өзіндік жұмыс дағдыларын игеру деңгейін анықтайды.

Білім алушыларды аралық аттестаттау емтихан тапсыру, курстық жұмыстарды (жобаларды) қорғау, эссе, т.б., дифференциалды сынақтар және практика бойынша есептер беру формасында міндетті түрде баға қою арқылы жүргізіледі.

Емтихандар аралық аттестаттау кезеңінде силлабусқа сәйкес әртүрлі формада өткізіледі: дәстүрлі, жазбаша, компьютерлік/бланкілік тестілеу, шығармашылық емтихан және т.б. Білім алушыны пән бойынша рейтинг нәтижесінің рұқсат беру балы негізінде емтихан сессиясына жіберу «Platonus» ААЖ-де автоматты түрде жүзеге асырылады. Пән бойынша рұқсат беру рейтингінің оң бағасы жоқ білім алушылар қорытынды бақылауға жіберілмейді.

Қорытынды бақылау жүргізілгеннен кейін емтихан алушы емтихан ведомосіне білім алушылардың жинаған балдарын енгізеді. «Platonus» жүйесі пән бойынша қорытынды бағаны автоматты түрде есептейді.

Пән бойынша қорытынды баға рұқсат беру рейтингін және қорытынды бақылауды бағалауды қамтиды. Ағымдағы үлгерімді бақылауды (рұқсат рейтингін) бағалау пән бойынша білімнің қорытынды бағасының 60% - құрайды, ал емтиханды бағалау пән бойынша білімнің қорытынды бағасының 40% - құрайды. Әрбір пән бойынша қорытынды баға межелік бақылау және емтихан нәтижелері бойынша білім алушылардың жинаған балдарының сомасы ретінде анықталады, жиынтығында ең көп дегенде 100 балды құрайды.

«FX» «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған кезде академиялық күнтізбеге сәйкес емтиханды келесі академиялық кезең басталғанға дейін оқу пәні бағдарламасын қайталап өтпей-ақ бір рет қана қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

«Қанағаттанарлықсыз» «F» баға алған жағдайда білім алушы ақылы негізде осы оқу пәніне қайта жазылады, келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, оқу процесінің барлық талаптарын орындайды және бағдарламаға сәйкес аралық аттестаттаудан қайта өтеді.

Білім алушының транскриптінде оқыған барлық оқу пәндері қорытынды бағаларымен, сондай-ақ «FX және F» бағаларымен қоса көрсетіліп, жазылады.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) өткізу туралы ереже, Жазғы семестрді өткізу және ұйымдастыру туралы ереже.

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/07/14/4.pdf>

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/07/14/13.pdf>

17. КУРСТАН КУРСҚА АУЫСУ

Оқу жылы аяқталғаннан кейін емтихан сессияларының қорытындылары негізінде білім алушыларды курстан курсқа көшіру жүзеге асырылады. Курстан курсқа көшірудің ең төменгі балл межесі университеттің Академиялық Кеңесінде қаралып, бекітіледі және НWU-да курстан курсқа ауысу емтихан алушылар комитетінің (Board of Examiners) шешімі негізінде жүзеге асырылады, ол хаттамамен ресімделеді.

Ауысу балының ең төменгі деңгейін жинаған білім алушылар ректордың бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады. Ең төменгі ауысу балын жинамаған білім алушы қайта оқу курсына қалады, ағымдағы жылдың келесі академиялық кезеңінен кешіктірмей қайтадан шарт жасасады. Оның ішінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алған және ең төменгі ауысу балын жинамаған адамдар ақылы негізде қайта оқу курсына құқылы.

Курстың бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ курстан курсқа көшу балының ең төменгі деңгейін жинамаған білім алушыға үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайта оқып, емтихандарды тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Емтиханды қайта тапсыру нәтижесі оң болған жағдайда «Platonus» ААЖ-де қорытынды баға қайта есептеледі, ол автоматты түрде транскриптке көшіріледі. Үлгерімнің орташа балын есептеу кезінде оқу пәні бойынша соңғы бағалар ескеріледі. Қайта оқу курсына қалдырылған білім алушы жаңадан құрылған жеке оқу жоспары бойынша білім алады.

Heriot-Watt университетінің келесі курсқа ауысуға орташа балл жинамаған, бірақ Жұбанов университетінің өту балы бар студенттері ақылы негізде АӨУ-да оқуын жалғастыра алады.

Жазғы семестр университетте жазғы уақытта құрылатын академиялық мүмкіндіктерді пайдалануға ниет білдірген білім алушының өтініші бойынша ұйымдастырылады.

Курстан курсқа көшу балының ең төменгі деңгейін жинаған және келесі оқу курсына көшірілген, бірақ академиялық берешегі бар білім алушы келесі академиялық кезеңдерде (бір академиялық кезеңде 10 кредитке дейін) ақылы негізде жазылып, оларды жоюға міндетті.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) өткізу туралы ереже, Жазғы семестрді өткізу және ұйымдастыру туралы

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/07/14/4.pdf>

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/07/14/13.pdf>

17. СТУДЕНТТЕРДІ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау – бұл мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін игеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін процесс.

Білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды өткізу дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе екі кешенді емтихан тапсыру түрінде жүргізіледі.

Студенттерді, ғылыми жетекшілерді және рецензенттерді көрсете отырып, жұмыс орнын, атқаратын лауазымын және білімін көрсете отырып, дипломдық жобалардың тақырыптары университеттің ғылыми-техникалық кеңесінің отырысында қаралады және университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Кешенді емтихандарды өткізу нысандары академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларында көзделген ұзақтығы мен мерзіміне қарай университеттің академиялық кеңесінде бекітіледі.

Кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығының талаптарына жауап беретін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттерді көрсетеді.

Студенттерді қорытынды аттестаттауда бағалау олардың оқу жетістіктерін бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS (иситиэс) ауыстыра отырып негізделеді.

Қорытынды аттестаттаудың мақсаты оқу нәтижелерін және білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін қол жеткізілген негізгі құзыреттерді бағалау болып табылады.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін білім беру бағдарламалары бойынша аттестаттау комиссиясы құрылады. Аттестаттау комиссиясының төрағасы мен құрамы Ректордың бұйрығымен ғылыми кеңестің шешімі негізінде ағымдағы оқу жылының 10

сәуірінен кешіктірмей бекітіледі және оқу жылы ішінде қолданылады.

Аттестаттау комиссиясының төрағасы бітіруші мамандардың бейініне сәйкес келетін және осы ЖОО-да жұмыс істемейтін профессорлар, доценттер, ғалымдар, оқытушылар, практикалық еңбек өтілі бар өндірістің тәжірибелі мамандары қатарынан тағайындалады. Аттестаттау комиссиясының құрамы бітіруші мамандардың бейініне сәйкес келетін профессорлар, доценттер, жоғары білікті мамандар қатарынан қалыптастырылады.

Аттестаттау комиссиясының сандық құрамын кафедра білім беру бағдарламасы бойынша бітіретін студенттер контингентіне сәйкес дербес айқындайды.

Аттестаттау комиссиясының құзыретіне мыналар кіреді:

- шығарылатын кадрлардың теориялық және практикалық даярлығының білім беру бағдарламаларының белгіленген талаптарына сәйкестігін тексеру;

- бітірушіге тиісті білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр дәрежесін беру;

- кадрларды даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар беру.

Қорытынды аттестаттау студенттерді қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы Ережеге сәйкес өтеді, дипломдық жоба дипломдық жобаны орындау жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделеді

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/07/14/1.pdf>

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/10/18/18-kz-3.pdf>

19. GPA

Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) - таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы).

GPA санау кезінде бағалаудың сандық белгісі пәнге берілген кредиттер санына көбейтіледі. Барлық пәндердің нәтижелері жинақталады. Үлгерімнің жиынтық орташа балын айқындау үшін кредиттік сағаттың шамасы білім алушының алған кредиттерінің жалпы санына бөлінеді.

Белгілі бір оқу кезеңінде білім алушының GPA формуласы бойынша анықталады:

$$GPA = \frac{Иц1 \times K1 + Иц2 \times K2 + \dots}{(K1 + K2 + \dots)} = Kп$$

- Иц1, Иц2 – цифрлық баламадағы пәндер бойынша қорытынды бағалар

- K1, K2 – кредиттерде оқытылған пәндердің көлемі;

- Kп – кредиттерде барлық кезеңде зерделенген пәндердің жалпы көлемі.

Үлгерімнің орташа балын есептеу кезінде оқу пәні бойынша соңғы бағалар ескеріледі. Білім алушының транскриптіңде GPA көрсетіледі: академиялық кезең, оқу жылы және бүкіл оқу кезеңі.

GPA қалай есептеуге болады? Мысал:

Пән	Кредиттер саны	Әріптік жүйе бойынша қойылатын баға	Сандық эквивалент
Педагогика	5	B	3,00
Психология	5	A	4,00
Математика	4	F	0

1. Барлық оқылған пәндердің кредиттер санын бағаның сандық эквивалентіне көбейтеміз:

Педагогика $5 \times 3.00 = 15.00$

Психология $5 \times 4.00 = 20.00$

Математика $4 \times 0 = 0$

2. Алынған мәндерді қосамыз: жалпы мәні $= 15 + 20 + 0 = 35.00$
3. Кредиттердің жалпы санын есептеп шығарамыз: $5 + 5 + 4 = 14$

$$\text{GPA} = \frac{\text{жалпы мәні}}{\text{кредиттің жалпы саны}} = \frac{35.00}{14} = 2.25$$

Осы формула бойынша семестрлік GPA есептеп шығаруға болады (жалпы мәні және 1 семестрдегі кредиттердің жалпы саны) және жылдық GPA есептеп шығаруға болады (жалпы мәні және бүкіл оқу жылындағы кредиттердің жалпы саны).

20. ТРАНСКРИПТ

Транскрипт - кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат.

«Қанағаттанарлықсыз» баламасына сәйкес келетін FX және F бағаларын қоса алғанда, барлық алынған қорытынды бағаларды көрсете отырып, білім алушы оқыған барлық оқу пәндері транскриптке міндетті түрде жазылады.

Транскрипт келесі элементтерді қамтиды:

- ЖОО атауы және оның байланыстары;
- білім беру бағдарламасы тобының атауы, курсы, деңгейі, оқу нысаны мен дәрежесі, бөлімшесі;
- білім алушының деректері (Тегі, Аты, Әкесінің аты, жеке коды (ID));
- білім беру бағдарламасының (мамандығының) атауы;
- алынған ECTS кредиттері мен бағаларын көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде игерілген пәндер тізбесі;
- академиялық кезеңдегі және бүкіл кезеңдегі үлгерімнің орташа балы (GPA) оқыту.

Қол қойылған және университеттің мөрімен расталған ресми транскрипт студенттерге қызмет көрсету орталығы немесе тіркеу офисі арқылы беріледі, сонымен қатар транскрипт SMART ARSU мобильді қосымшасында және «Platonus» жүйесінде қол жетімді <https://platonus.arsu.kz/>.

Білім алушы әртүрлі себептермен оқудан шығарылған жағдайда, ол қол қойылған және университеттің мөрімен расталған ресми транскрипт алады.

21. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Дипломдық жобаны орындау — маман даярлау бағыттары бойынша студенттердің оқу үдерісінің қорытынды кезеңі болып табылады. Дипломдық жоба студенттің — болашақ бакалаврдың білім беру саласындағы педагогикалық, ұйымдастыру-менеджменттік, жоспарлы-экономикалық, нақты-зерттеушілік, консультативтік және басқа да тапсырмаларды шешу қабілетін көрсететін құжат болып табылады.

Дипломдық жобаның құрылымы әдетте 3 негізгі бөлімнен (тараудан) тұрады. Дипломдық жобаның негізгі бөлімдері мыналар болып табылады:

- мәселені зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері (1 бөлім);
- зерттелетін мәселенің нақты білім беру мекемесінде немесе кәсіпорында жағдайын талдау (2 бөлім);

Білім беру мекемесі немесе кәсіпорын үшін жобалық ұсыныстарды негіздеу.

2 (жобалық бөлім) бөлімді дайындау кезінде келесі мәселелер ескерілуі қажет:

- жобалық ұсыныстар әмбебап әдіснамалық немесе теориялық сипатта емес, нақты білім беру ұйымы немесе кәсіпорынның жағдайына бейімделген болуы тиіс;
- жоба білім беру ұйымы немесе кәсіпорынның әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық

мәселелерін шешуге бағытталуы керек, жобаның нәтижесі — әлеуметтік-экономикалық әсердің маңыздылығын алу немесе енгізуден күтілетін әсерді болжау (3 бөлім).

Дипломдық жобаны дайындау және орындау үшін ең маңызды шарттар мыналар болып табылады:

- өзекті тақырыпты таңдау, оны өндірістік, коммерциялық кәсіпорындардан, ғылыми және білім беру ұйымдарынан, оның ішінде кафедралардан, бөлімдер мен базалық университеттердің қызметтерінен тапсырыс бойынша жүзеге асыру ұсынылады;
- диплом алдындағы практика барысында қажетті материал жинау;
- ғылыми жетекшіге жеке бөлімдерді уақытында ұсыну және олармен келісу.

Дипломдық жоба дипломдық жобаны орындауға арналған Әдістемелік нұсқауларға сәйкес орындалады.

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/10/18/18-kz-3.pdf>

22. МАГИСТЕРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Магистерлік диссертация – магистранттың дербес ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін белгілі бір білім беру бағдарламасының өзекті тақырыптарының біріне негізделген жинақтау, белгіленген нысанда орындалған жұмыс. Ол түлектің ғылыми қызметкер ретінде жетілгенін көрсетіп, мамандық бойынша ғылыми мәселелерді шығармашылықпен тұжырымдап, шешуге қабілетті екендігін көз жеткізуі тиіс.

Магистерлік диссертация магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысынан қорытынды нәтиже болып табылады.

Магистерлік диссертация ғылыми мазмұндағы ішкі бірлігі бар қорытынды жұмыс болып табылады. Диссертацияда ғылыми зерттеу нәтижелері қазіргі ғылым жағдайына сәйкес тақырып бойынша баяндалады.

Магистерлік диссертацияның мақсаты – магистранттың ғылыми біліктілік деңгейін көрсету, ғылыми ізденісті дербес жүргізу қабілетін, нақты ғылыми тапсырмаларды шешуге дайын екендігін тексеру, ең жалпы әдістер мен тәсілдер мен шешімдерді білу.

Магистерлік диссертация магистранттың ғылыми біліктілік деңгейін және ғылыми таным әдіснамасын меңгеру дәрежесін, ҚР мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес анықтайды.

Магистрантты қабылдағаннан кейін екі ай ішінде әрбір магистрантқа магистерлік диссертацияны басқаруға ғылыми жетекші тағайындалады. Ғылыми жетекші мен зерттеу тақырыбы университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Магистранттың ғылыми жетекшісі ғылыми дәрежесі «ғылым кандидаты», «ғылым докторы», «философия докторы (PhD)», немесе «профиль бойынша доктор» немесе академиялық дәрежесі «философия докторы (PhD)», немесе «профиль бойынша доктор», ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл, соңғы бес жылда 5 ғылыми мақаланың авторы болған, ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған ғылыми журналдарда жарияланған және халықаралық рецензияланған ғылыми журналда импакт-факторы бар 1 мақаланың авторы болуы тиіс.

Ғылыми жетекшілік магистранттардың профильді бағыттарына сәйкес 8 деңгейдегі ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес, үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар мамандарды да қамтиды.

Оқу бағдарламалары бойынша қорытынды аттестацияны жүргізу үшін аттестациялық комиссия құрылады.

Аттестаттау комиссиясының төрағасы мен құрамы Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі және күнтізбелік жылдың соңына дейін әрекет етеді. Аттестаттау комиссиясының төрағасы ретінде профессорлар, доценттер, ғалымдар, өндірістен тәжірибесі бар мамандардың ішінен, бітіруші мамандықтардың бейініне сәйкес келетін және осы жоғары оқу орнында жұмыс істемейтін тұлғалар тағайындалады.

Аттестаттау комиссиясының құрамы профессорлар, доценттер және бітіруші мамандықтардың бейініне сәйкес келетін жоғары білікті мамандар арасынан қалыптастырылады. Аттестаттау комиссиясының сандық құрамы кафедра тарапынан анықталады.

Қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбе мен білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларында қарастырылған мерзімдерге сәйкес магистрлік диссертацияны қорғау түрінде өткізіледі.

Магистрлік диссертация туралы ереже

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/10/18/23-kz-1.pdf>

23. ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯ

Докторлық диссертация — докторанттың ғылыми жұмысы, ол дербес зерттеу болып табылады, онда теориялық тұжырымдамалар әзірленген, оларды жаңа ғылыми жетістік ретінде немесе ғылыми мәселені шешу ретінде, не ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер ретінде қарастыруға болады.

Докторлық диссертация докторанттың кәсіби біліктілігінің деңгейін және ғылыми таным әдіснамасын меңгеру дәрежесін анықтайды, бұл Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес тиісті білім беру бағдарламасының талаптарына сай болуы тиіс.

Оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде әрбір докторантқа диссертациялық жұмысты орындау үшін ғылыми жетекші тағайындалады, ал докторлық диссертацияның тақырыбы оқуға түскеннен кейін бір семестр ішінде бекітіледі. Докторанттың ғылыми жетекшісі мен зерттеу тақырыбы университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Докторанттарға ғылыми жетекшілік келесі талаптарға сай оқытушы тарапынан жүзеге асырылады: ол «ғылым кандидаты», немесе «ғылым докторы», немесе «философия докторы (PhD)», немесе «бейін бойынша доктор» ғылыми дәрежесіне, не «философия докторы (PhD)» немесе «бейін бойынша доктор» академиялық дәрежесіне ие, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, автор болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады:

- 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, 8D09 Ветеринария, 8D10 Денсаулық сақтау кадрлар даярлау бағыттары бойынша Web of Science Core Collection базасында JCR деректері бойынша 1, 2, 3- квартильдерге кіретін немесе Scopus базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші 35-тен кем емес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақала, немесе Хирш индексі 2 және одан көп тұлғалар;

- даярлаудың қалған бағыттары бойынша халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізілген, бейін бойынша басылымдарда 5 ғылыми мақалалардың және JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші 35-тен кем емес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын тұлғалар.

Шетелдік ғылыми кеңесші докторанттың «Педагогикалық ғылымдар», «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Бизнес және басқару» бағыттары бойынша Хирш индексі кемінде 2 болуы керек, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Инженерлік және өңдеуші салалар» бағыттары бойынша Хирш индексі кемінде 6 болуы тиіс. Докторлық диссертацияны қорғау тиісті бағыт бойынша Диссертациялық кеңестің отырысында өткізіледі.

Диссертация келесі нысандардың бірінде ұсынылады:

- диссертациялық жұмыс ретінде;

-Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша бірінші

және/немесе екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала мен бір шолудан тұратын серия ретінде. Мақалалардың бірінде докторант бірінші автор немесе хат алмасуға жауапты бірінші автор болуы қажет.

Докторлық диссертация туралы ереже

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/10/18/24-kz-1.pdf>

24. КӘСІБИ ПРАКТИКА

Кәсіптік практиканы жүзеге асыру студенттердің кәсіптік тәжірибесінің бағдарламаларын әзірлейтін және бекітетін тиісті кафедраға жүктеледі.

Кәсіптік практиканы өткізу үшін университет практика базаларымен келісім-шарттар жасасады, олармен практикадан өтудің бағдарламалары мен күнтізбелік кестелерін келіседі. Студенттерді практиканың барлық түрлеріне жіберу практикадан өту мерзімдерін, практика базасын және практика жетекшісін көрсете отырып, жоғары оқу орны басшысының бұйрығымен ресімделеді.

Кәсіптік практиканы ұйымдастыру туралы ереже.

https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/09/23/2025-1_oAublMW.pdf

25. ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ

Мемлекеттік білім беру гранты негізінде оқыған бітірушілер Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 47-бабының 17-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысына (01.06.2021 жылғы № 365 өзгерістермен және толықтырулармен) сәйкес жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін үш жыл жұмыс істеуі тиіс. Келісім-шарт негізінде оқыған бітірушілердің кәсіби даярлығына, бейімдері мен қабілетіне сәйкес кәсіптік түрлері мен жұмыс орындарын еркін таңдауға құқығы бар.

Басқарма ұсынатын педагогикалық кадрларға қажеттілік негізінде облыстың білім беру ұйымдары мен білім беру мекемелерінен жеке қолдау хаттар педагогикалық мамандықтардың білім алушыларына бөлінеді. Басқа білім беру бағдарламаларының түлектері бос орындар туралы деканаттар арқылы хабардар етіледі.

Түлектерді жұмысқа орналастыру туралы ереже.

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/09/23/rxwzav.pdf>

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылар үшін:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогикалық мамандықтарға түскен түлектер университетті бітіргеннен кейін білім беру ұйымдарында кемінде үш жыл жұмыс істейді;

- мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде басқа мамандықтар бойынша оқыған түлектер меншік нысанына қарамастан, университетті бітіргеннен кейін кемінде үш жыл жұмыс істейді;

- мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түскен бітірушілер мемлекеттік органдарда, ЖЖОКБҰ-да, ғылыми ұйымдарда, ғылыми бөлімшелерде, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарында, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында (жоғары колледждерде немесе училищелерде) оқуды аяқтағаннан кейін кемінде үш жыл жұмыс істейді

Жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен оқығандар үшін:

- жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен түскен түлектер оқу өңірінде университетті бітіргеннен кейін кемінде бес жыл жұмыс істейді.

Ауылдық квота негізінде оқығандар үшін:

- ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын педагогикалық,

медициналық, ветеринариялық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша оқуға түскен түлектер Заңның 26-бабы 8-тармағының 3) тармақшасында белгіленген және ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін квота шегінде тиісінше ауылдық жерде орналасқан білім беру ұйымдарында, денсаулық сақтау ұйымдарында, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелерінде, ветеринариялық ұйымдарда және ауыл шаруашылығы бейінінің меншік нысанына қарамастан, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін кемінде үш жыл жұмыс істейді.

«Серпін-2050» әлеуметтік бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін:

- Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын және «Білім туралы заңның» 26-бабы 8-тармағының 6) тармақшасында белгіленген квота шегінде педагогикалық, ауыл шаруашылығы және техникалық мамандықтар бойынша оқуға түскен ауыл жастары қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары оқу орны бойынша өңірдегі ЖЖОКБҰ-н бітіргеннен кейін кемінде екі жыл мынадай облыстарда жұмыс істейді:

- Ақмола;
- Ақтөбе;
- Абай;
- Қарағанды;
- Қостанай;
- Павлодар;
- Солтүстік Қазақстан;
- Ұлытау;
- Шығыс Қазақстан.

- Заңның 47-бабының 17-тармағында көзделген жұмысты өтеу жөніндегі міндетті орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының азаматтары Заңның 47-бабының 17-2 және (немесе) 17-3-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларды оқытуға байланысты бюджет қаражаты есебінен шыққан шығыстарды білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы арқылы, нақты жұмыс істеген кезеңге мөлшерлес өтейді.

26. АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ

Академиялық демалыс - бұл университетте және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университет базасының НWU филиалында білім алушылардың денсаулық жағдайына, бала күтіміне және әскери қызметте болуына байланысты оқуын уақытша тоқтататын кезең.

Білім алушыларға академиялық демалыс беріледі:

- ауруы бойынша-амбулаториялық-емханалық ұйымның жанындағы дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы негізінде ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін. ДКК анықтамасы негізінде денсаулық жағдайы бойынша қосымша 12 айға дейін ұзартылады;

- әскери қызметке шақыру кезінде-әскери қызметке шақыру туралы анықтама негізінде;

- бала үш жасқа толғанға дейін туған, асырап алған кезде.

Өзге негіздер бойынша білім алушыларға академиялық демалыс берілмейді.

Академиялық демалысты ресімдеу үшін білім алушы университет ректорының атына өтініш береді және студенттерге қызмет көрсету орталығына немесе Smart ARSU мобильді қосымшасы арқылы растайтын құжаттарды қоса береді.

Университет ұсынылған құжаттар негізінде үш жұмыс күні ішінде білім алушыға оның басталу және аяқталу мерзімдерін көрсете отырып, академиялық демалыс беру туралы бұйрық шығарады.

Академиялық демалысты рәсімдеу үшін білім алушы университет ректорының атына өтініш береді.

Студенттерге қызмет көрсету орталығы (СҚКО) білім алушының құжаттарын тіркеп, талапқа сай болған жағдайда ректордың бұйрығына ұсынады.

Академиялық демалыстан қайта оралу барысында білім алушы университет ректорының

атына өтініш береді және төмендегідей құжаттардың бірін ұсынады:

- оқуын жалғастыруға мүмкіндік беретін денсаулық жағдайына байланысты ДКК, немесе ОДКК қорытындысы туралы анықтама;
- әскери билетінің көшірмесі;
- баласының туу туралы куәлігі немесе асырап алғандығын растайтын құжаты.

ДКК немесе ОДКК анықтамасына міндетті түрде университет емханасы басшысының қолы және мөрі қойылуы тиіс.

Білім алушының ұсынған құжаттары талапқа сәйкес келген жағдайда университет үш жұмыс күні ішінде академиялық демалыстан оралу туралы білім бағдарламасы, курсы көрсетілген бұйрық шығарады.

Транскрипт негізінде деканат пререквизиттерді ескере отырып жұмыс оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылығын, оқу курсы анықтайды және тіркеу офісімен келісе отырып білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді.

Академиялық демалыстан оралғаннан кейін білім алушы академиялық демалыс алған уақыттағы курсы бойынша сол академиялық кезеңде оқуын жалғастырады.

Егер білім алушының академиялық демалысқа шығарда академиялық қарызы болған жағдайда оралу барысында оқуды жалғастыру курсы пререквизит пән айырмашылықтары ескеріле отырып анықталады және ақылы негізде оқып, тапсырады.

Егер академиялық демалыстан оралғаннан кейін білім алушы оқыған білім бағдарламасы болмаған жағдайда сол бағыттағы бар білім бағдарламаларының бірінде академиялық пән айырмашылықтары, пререквизиттері ескеріліп талапқа сәйкес келген жағдайда оқуын жағастыра алады.

Білім алушы академиялық демалыстан ерте оралған жағдайда (6 айдан және одан көп) қайта оқыған кезеңдері үшін қосымша оқу ақысын төлейді.

Егер академиялық демалыстан оралу мерзімі академиялық кезең басталғаннан кейінгі уақыттарға сәйкес келсе, білім алушы декан өкімі негізінде тиісті мерзім аралығында барлық оқу тапсырмаларын орындайды.

Пән айырмашылығын жою үшін білім алушы бір академиялық кезеңде барлығы 10 кредиттен аспайтын бір немесе бірнеше пәнге жазылып, барлық оқу тапсырмаларын орындап, қорытынды бақылауға жіберілген жағдайда академиялық календарға сәйкес емтиханды тапсыра алады. Сондай-ақ жазғы семестрде 20 кредитке дейін оқып, тапсыра алады.

Оқу жылының соңына дейін пән айырмашылығын жою үшін білім алушыға пәнді тегін оқуға мүмкіндік беріледі. Оқу жылы аяқталғаннан кейін оқылмаған академиялық айырмашылық пәндері академиялық қарызға айналып, әрі қарай білім алушы ақылы негізде оқиды.

Академиялық демалыс беру тәртібі туралы ереже

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/10/18/7-kz-2.pdf>

27. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ

Университетте, оның ішінде университет ішінде және бір ЖОО-дан екіншісіне білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау кезекті академиялық кезең басталғанға дейін жазғы каникул кезеңінде екі апта бұрын және қысқы каникул кезеңінде бес күн бұрын жүзеге асырылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының азаматтары және қандастар төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, соғыс уақытында, сондай-ақ, оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында шетелдік ЖОО-дан оқу жылы ішінде қайта қабылдана алады.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасындағы Heriot-Watt (Хериот-Уатт) университеті филиалының білім алушыларын университет ішінде басқа білім беру бағдарламаларына ауыстыру академиялық кезең басталғанға дейін 5 күн бұрын жүзеге

асырылады.

Егер білім алушыларда жеке оқу жоспарына сәйкес игерілетін бағдарламаның бірінші академиялық кезеңі толық аяқталған болса, оқудан шығарылғаннан кейін қайта қабылдана алады немесе ауыса алады.

Бұл ретте ауысатын курсына академиялық қарызы бар білім алушылар бір ЖОО-дан екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан (бұдан әрі – ББ) екіншісіне ауыса алмайды.

Білім алушылар оқудан шыққан мерзіміне қарамастан бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір ЖОО-дан екіншісіне қайта қабылдана алады.

Басқа жоғары оқу орындарының және бір білім беру тобындағы басқа білім беру бағдарламаларының студенттері Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасындағы Heriot-Watt (Хериот-Уатт) университеті филиалының білім беру бағдарламаларына ақылы негізде ауысады немесе қайта қабылдана алады.

Бір ББ-дан екіншісіне, бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысу немесе қайта қабылдау кезінде білім алушылардың оқу нәтижелерінің оң бағалары академиялық кредиттерімен ауыстырылып танылады.

Оқу нәтижелерін өзара танып, есепке алу үшін білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде ректордың бұйрығымен факультеттерде комиссиялар құрылады, университет базасындағы Хериот-Уатт университетінің білім алушылары үшін Хериот-Уатт университетінің өкілдерімен бірлесіп факультетте тиісті комиссия құрылады.

Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде академиялық айырмашылықты оқытылған пәндер тізбесі негізінде факультет жанындағы комиссиялар тіркеу офісімен бірлесіп айқындайды, пән айырмашылығы бакалавриат үшін бітіру курсынан (0 кредит) басқа 24 кредиттен (ECTS), магистратура үшін 10 кредиттен (ECTS), университет базасындағы Хериот-Уатт университетінің білім алушылары үшін 30 кредиттен (ECTS) аспауы тиіс.

Академиялық айырмашылықты анықтау кезінде бір бағыттағы білім беру бағдарламаларының пәндері комиссияның қарастырумен танылып, есепке алынады.

Комиссия бұрын игерілген пәндерді танып, есепке алуда сәйкестендіру ведомосін толтырады және хаттамамен рәсімдейді.

Ауысу және қайта қабылдау кезінде одан әрі оқыту курсы комиссия хаттамасының негізінде пререквизиттерді ескере отырып анықталады.

Академиялық айырмашылықты жою мақсатында қайта оқу үшін білім алушы академиялық кезеңде 10 кредиттен аспайтын пәндерге жазыла алады, сондай-ақ жазғы семестрде 20 кредитке дейін жазылып, тапсыра алады.

Білім алушылар ұлттық бірыңғай тестілеуден (бұдан әрі – ҰБТ), кешенді тестілеуден (бұдан әрі - КТ) немесе түсу емтихандарынан өтіп, нәтижелері бойынша белгіленген шекті балдан төмен емес балл жинаған жағдайда ауысады және қайта қабылдана алады.

Университет базасындағы Хериот-Уатт университетіне ауысу немесе қайта қабылдау үшін ҰБТ сертификатынан басқа, жалпыеуропалық құзыреттерге (стандарттарға) сәйкес ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық IELTS сертификаты (шектеу балл – кемінде 6.0) тапсырылады.

Шетелдік білім беру ұйымынан немесе қазақстандық жоғары оқу орындарынан бакалавриат (бірінші жоғары білім) білім алушылары, сәйкес бейіндік пәндері және белгіленген шектеу баллы бар ҰБТ сертификаты (оқуға түсу сәтінде және оқу кезеңінде) болмаған жағдайда ауыса алмайды немесе қайта қабылдана алмайды.

Шетелдік білім беру ұйымынан бакалавриат (бірінші жоғары қысқартылған білім/екінші жоғары білім) білім алушылары бітіру курсына ауыса алмайды немесе қайта қабылдана алмайды.

Сонымен қатар, магистратура оқу деңгейі бойынша кешенді тестілеу сертификаты жоқ білім алушылар университетке ауыса алмайды немесе қайта қабылдана алмайды.

«Педагогикалық ғылымдар» және «Құқық» салалары бойынша білім беру бағдарламаларына білім алушыны ауыстыру және қайта қабылдау ҰБТ-дан сәтті өткенде және

нәтижелері бойынша белгіленген шекті балдан төмен емес балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Білім алушыны шығармашылық ББ-дан басқа ББ-ға ауыстыру немесе қайта қабылдау ҰБТ-дан екі бейіндік пән бойынша сәтті өткенде және нәтижелері бойынша белгіленген шекті балдан төмен емес балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Білім алушыларды басқа ББ-дан шығармашылық ББ-ға ауыстыру немесе қайта қабылдау белгіленген шекті балмен шығармашылық емтиханнан сәтті өткен жағдайда жүзеге асырылады, шығармашылық емтиханды кафедралардағы қабылдау комиссиясы үшін құрылған комиссиялар қабылдау қағидаларына сәйкес өткізеді.

«B005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» және «B031-Сән, дизайн» білім беру бағдарламаларының тобы үшін «Қазақстан тарихы» және «Оқу сауаттылығы» пәндері бойынша ҰБТ сертификатында жалпы 20 балдан кем болмауы қажет.

Мерзімді әскери борышын өткерген білім алушыларды университетке ақылы негізде оқуға ауыстыру және қайта қабылдау кафедралардағы қабылдау үшін құрылған комиссиялар әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

Шетел азаматтарын оқуға ауыстыру және қайта қабылдау кафедралардағы қабылдау комиссиясы үшін құрылған комиссиялар өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейін білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау «Жоғары білімнің мәндес білім беру бағдарламалары топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтарының сәйкестігі жөніндегі әдістемелік ұсынымдары» негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушыларды ауыстыру бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, оқу тілі бойынша бір бөлімнен екіншісіне, бір ЖОО-дан екіншісіне жүзеге асырылады.

Білім алушыны бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауыстыру екі ұйым басшыларының келісімімен жүргізіледі және тиісті бұйрықтармен рәсімделеді.

Білім беру гранты бойынша оқитын білім алушылар білім беру грантын сақтай отырып, білім беру тобының ішіндегі білім беру бағдарламаларына ауыса алады.

Білім беру гранты бойынша білім алушылар өз еркімен білім беру грантын сақтай отырып, басқа университетке ауыстырылады.

Университет базасындағы Хериот-Уатт университетінің филиалы үшін бекітілген нысаналы білім беру гранттарына түскен студенттер басқа ЖОО-ға немесе басқа білім беру бағдарламасына тек ақылы негізде ауыса алады.

Жекелеген ЖОО-лар үшін бекітілген білім беру гранттары бойынша, сондай-ақ бөлінген квота негізінде педагогикалық мамандықтарға түскен білім алушылар басқа ЖОО-ға ақылы негізде ауыстырылады.

Білім алушыларды оқуға қайта қабылдау тек ақылы негізде ғана жүзеге асырылады, одан әрі пререквизиттер мен пән айырмашылықтары ескеріліп, оқу курсы айқындалады.

Ақылы негізде оқитын білім алушы оқу ақысын төлемегені үшін оқудан шығарылған жағдайда осы қарызды төлегеннен кейін оқудан шығарылған күннен бастап төрт апта ішінде қайта қабылданады.

Курстан курсқа ауыстыру туралы бұйрық шыққанға дейін оқу ақысын төлемегені үшін, өз еркімен оқудан шығарылған білім алушы, оқу жылын академиялық қарызсыз аяқтаған жағдайда, сол оқу жылында жазғы демалыс кезеңінде қайта қабылданады және келесі оқу курсына көшіріледі.

Қорытынды аттестаттауға жіберілген, бірақ оқудан шығарылған (өз еркімен, келмегені үшін немесе «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған және т.б.) білім алушы академиялық күнтізбеге сәйкес ҚА басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей жұмыс оқу жоспарында бекітілген кредит ақысын төлеп, кейінгі жылдары қайта қабылданады.

Барлық оқу кезеңі бойынша академиялық қарызы жоқ, бірақ оқу ақысын төлемеуіне байланысты қорытынды аттестаттауға жіберілмей, оқудан шығарылған білім алушы академиялық күнтізбеге сәйкес ҚА басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей оқу ақысын

төлеп, кейінгі жылдары қайта қабылданады.

Білім алушының қатарына қабылдау туралы бұйрық мына жағдайда шығарылады:

- өтініш пен тапсырылған құжаттардың негізінде;
- қайта қабылдау немесе ауысу мәселесі оң шешім қабылданған соң;
- ауысу немесе қайта қабылдау кезінде ағымдағы оқу жылының бірінші курсына түскендер үшін қолданылатын жылдық оқу ақысының 30%-ы және есептелген академиялық пән айырмашылығына төлем 100% төлегеннен кейін;
- келісімшарт рәсімделгеннен кейін.

Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тәртібі туралы ереже

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/08/22/6.pdf>

28. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ УНИВЕРСИТЕТТЕН ШЫҒАРУ

Білім алушы мынадай жағдайларда оқудан шығарылады:

- Білім алушылардың академиялық адалдық кодексі қағидаларын бұзғаны үшін («Қ.Жұбанов атындағы АӨУ білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексі» <http://zhubanov.edu.kz/ru/education/category/25/>);

- Ішкі тәртіп ережелерін және ЖОО Жарғысын бұзғаны үшін (университетпен байланысын жоғалту; дәлелсіз себептермен бір аралық бақылау мерзімінде 60 және одан да көп сағат оқу сабақтарына қатыспау; студенттік жатақхананың ережесін, оқу тәртібі талаптарын, ішкі тәртіпті бұзу; заңсыз, теріс қылықтар жасау; спирттік ішімдіктер ішу, нашақорлық препараттарын пайдалану арқылы университет қабырғасында мас күйінде болуы; университет қабырғасында құмар ойындарды ойнау; университет мүлкіне қасақана зиян келтіру; қоғамға жат мінез-құлықтар таныту; еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау немесе бұзу.

- Білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімшарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде шартқа сәйкес белгіленген мерзімде оқу ақысын төлемегені үшін.

- Басқа жоғары оқу орнына ауысуына байланысты.

- Белгіленген мерзімде академиялық демалыстан оралмағаны үшін (2 апта ішінде).

- Қайта оқу курсына қалған білім алушы ағымдағы жылдың академиялық кезең басталғанға дейін білім беру қызметтерін көрсету туралы университетпен қайта келісімшарт жасамағаны үшін.

- Білім алушының оқуға қабылдау барысында тапсырған құжаттарының жалғандығы анықталған жағдайда.

- Қорытынды аттестаттауға себепсіз келмегені үшін.

- Оқу жоспарын толық орындамаған немесе басқада талаптар негізінде қорытынды аттестаттауға жіберілмеген жағдайда.

- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейлері бойынша қабылдау кезінде анықталған пререквизиттік пән уақтылы игерілмеген жағдайда.

- Қорытынды аттестаттау бойынша "қанағаттанарлықсыз" баға алғаны үшін.

- Білім алушы өтініші негізінде өз еркімен оқудан шығарылады.

Білім алушыларды оқудан шығару тәртібі туралы ереже

<https://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2025/03/19/16.pdf>

29. ОҚУДЫ АЯҚТАУҒА ЖӘНЕ ДӘРЕЖЕ АЛУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" немесе "магистр" дәрежесі беріледі және қосымшасы бар диплом тегін негізде беріледі.

Бакалавриат деңгейіндегі білім алушыларды даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі білім алушылардың кемінде 240 академиялық кредитті игеруі болып табылады, магистратура деңгейіндегі бағдарламалар бойынша білім алушылардың ғылыми-педагогикалық магистратурада кемінде 120 академиялық кредитті игеруі болып табылады. Бейіндік магистратурада оқу мерзімі 1 жыл 60 академиялық кредит бар. Докторантура деңгейіндегі бағдарламалар бойынша білім алушының ғылыми-педагогикалық (PhD докторантура) және бейіндік докторантурада кемінде 180 академиялық кредит игеруі болып табылады.

Дипломға (транскриптке) қосымшада академиялық кредиттер мен сағаттарда олардың көлемін көрсете отырып, оқу және (немесе) ғылыми - зерттеу (эксперименттік - зерттеу) жұмыстарының барлық түрлері бойынша бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша соңғы бағалар көрсетіледі.

Оқу пәндері және оқу қызметінің басқа түрлері бойынша А, А – «өте жақсы», В -, В, В+, С+ «жақсы» қорытынды бағалары бар, үлгерімнің орташа балы (GPA) 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ кешенді емтихан тапсырған немесе диплом жұмысын қорғаған жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыға (жоба) А, а - "өте жақсы" бағалары бар үздік диплом беріледі (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда).

Бұл ретте оқудың барлық кезеңінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырған немесе қайта тапсырған білім алушыға үздік диплом берілмейді.

Үздік дәреже өз үлгісіндегі дипломда белгіленеді

Қорытынды аттестаттау бойынша «қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушы университеттен оқудан шығарылады.

Оң бағаны арттыру мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға немесе дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жол берілмейді.

Кешенді емтиханды қайта тапсыруға, сондай-ақ «қанағаттанарлықсыз» баға алған тұлғаларға дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны қайта қорғауға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат етілмейді.

Қорытынды аттестаттаудан өтпеген білім алушы келесі академиялық кезеңде ректордың атына, бірақ келесі оқу жылының қорытынды аттестаттауы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей қайта қорытынды аттестаттауға рұқсат беру туралы өтініш жазады. Қайта қорытынды аттестаттауға жіберу бұйрықпен ресімделеді.

МАЗМҰНЫ

№ р/н	АТАУЫ
1	Терминдер мен анықтамалар
2	Жалпы ақпарат
3	Контингентті қалыптастыру
4	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу
5	Оқу процесін ұйымдастыру
6	Академиялық сапаны қамтамасыз ету
7	Академиялық адалдық
8	Ақпараттық ресурстар
9	Кітапхана ресурстары
10	Білім алушылардың оқу жүктемесі
11	Оқу модульдеріне (пәндерге) тіркелу
12	Оқу сабақтарына қатысуға қойылатын талаптар
13	Білім алушылардың өзіндік жұмысы
14	Бағалау саясаты
15	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау
16	Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау
17	Курстан курсқа ауысу
18	Студенттерді қорытынды аттестаттау
19	GPA
20	Транскрипт
21	Дипломдық жоба
22	Магистрлік диссертация
23	Докторлық диссертация
24	Кәсіби практика
25	Түлектерді жұмысқа орналастыру
26	Академиялық демалыс беру
27	Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау
28	Білім алушыларды университеттен шығару
29	Оқуды аяқтауға және дәреже алуға қойылатын жалпы талаптар